## Жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне жатпайтын атқарушылық құжаттар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 мамырдағы № 593 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы 991 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.12.2015 № 991 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 138-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне жатпайтын атқарушылық құжаттар белгіленсін.

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 мамырдағы № 593 қаулысына қосымша

## Жеке сот орындаушыларының ерекше құзыретіне жатпайтын атқарушылық құжаттар

1. Стратегиялық объектілердің құқық иеленушілері тараптары болып табылатын атқарушылық құжаттар.

2. Стратегиялық тауарларды өндіретін тұлғалар тараптары болып табылатын атқарушылық құжаттар.

3. Инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын тұлғалар тараптары болып табылатын атқарушылық құжаттар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК